

Азия-Тынық мұхит хабар тарату одағы (Asian Pacific Broadcasting Union) Бас Ассамблеясының қырық бірінші отырысын өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 261-ө өкімі

2004 жылғы 20-27 қыркүйекте Алматы қаласында Азия-Тынық мұхит хабар тарату одағы (Asian Pacific Broadcasting Union) Бас Ассамблеясының қырық бірінші отырысын (бұдан әрі - отырыс) өткізуге байланысты:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне белгіленген тәртіппен отырысты өткізуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 48912720 (қырық сегіз миллион тоғыз жүз он екі мың жеті жүз жиырма) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр